

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 6 наурыздағы № 647 Жарлығы  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

11-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қатысты техникалық барлауларға қарсы іс-қимыл бойынша қызметтерді үйлестіру және жүзеге асыру;"

12-тармақта:

27-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27-2) құпия;"

64-20) және 64-21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"64-20) Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін және "электрондық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзін дамытуды жүзеге асырады;

64-21) Интернетке қол жеткізу бірыңғай шлюзінің және "электрондық үкіметтің" электрондық поштасы бірыңғай шлюзінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;"

16-тармақ мынадай мазмұндағы 51-5) тармақшамен толықтырылсын:

"51-5) ақпараттық қауіпсіздіктің куәландырушы орталығын айқындайды;"

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) ведомстволық құқықтық актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) заңнамада белгіленген тәртіпте осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н. Назарбаев